



Туған жердің тұлғалары

Академик Кенжеғали САҒАДИЕВ:

Әлем кешіне қайтсек ілесеміз

Республикамыздың экономика саласындағы бір де бірегей көрнекті ғалым және педагог, жоғары оқу орны мен ғылым жүйесіндегі аса талантты ұйымдастырушысы, қоғам және мемлекет қайраткері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, экономиканы диверсификациялау Кеңесінің Төрағасы, біздің жерлесіміз Кенжеғали Әбенұлы САҒАДИЕВ таяуда 70 жасқа толды. Соған орай журналист Серік ШАЙМАННЫҢ академикпен сұхбатын жариялап отырмыз.

I. ТАЛБЕСІК

— Кенжеғали аға, Сіз соғыстан кейін қиын кезеңде мектеп табалдырығын аттадыңыз. Сол шақтан есте қалған бір көріністер жадыңызда ма?

— 1945 жылы мен 1 класты Аманқарағайда бастадым. Тұрмыс ауыр, елдің күйзеліп тұрған шағы ғой. Соған қарамай оқысақ, білім алсақ деген арман бізді алға сүйреді. Соғысқа кеткен ағайым ол кезде әлі елге оралмаған. Әкем ағайындарына жақындағысы келді ме екен біз өгіз арбамен қырық күнде жол жүріп, Ақкөлге көштік. Содан мен 2 класты Шепткелде жалғастырдым. Ақкөл, Шошқакөл, Құмарал, жалпы айтқанда Збан, Саға өңірі біздің атамекеніміз. Бұл араға біздің ата-бабаларымыз қай уақытта келгені белгісіз. Кейбір деректерге сүйенсек, 19-шы ғасырдың 40-50-ші жылдары біздің бабаларымыз Торғай езені бойында, Сарықопа келінде, Тосын құмында, Әбілет келінде, Қазанбас апақында мекендеген екен. Кейінірек Ақкөлге, Аққұм, Збан, Саға бойына орналасқан.

Біз — Әлімбет руымыз. Арғын Аманжолдан Әлімбет, Бөіімбет, Шақшақ болып үш ұл тарайды. Шақшақтан атақты батыр, Абылай хан заманының жоңғарға қарсы күрес туын кетерген даңқты қолбасшылардың бірі тархан Жәнібек тарайды. Біз Әлімбет руынан тараймыз. 1843 жылғы Орынбор ведомствосының Шығыс, Орта және Батыс бөліктерінің қазақтары туралы ведомствондағы деректер бойынша Әлімбет руы 310 шаңырақтан тұрады екен, ал еркектер саны 1235 болыпты. Әрине, бұл үлкен көрсеткіш емес. Дегенмен, Әлімбет руы шаңырақ және адамдар саны жағынан сол кездегі үлкен Қошқар, Бақай, Айдарке, Жауғашты, Шымболат, Өтей руларының қатарында болды. Нұғанның және менің шешем Қаламқас Бесқара Қырықмылтық руынан, жоғарыдағы деректер бойынша олардың құрамы 110 шаңырақ, 561 еркек адамнан тұрған. (Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, В.Востров. Қазақ шежіресі хақында. Алматы. 2000 ж.).

Деректерге жүгірсең, біздің аталарымыз жаз жайлау, қыс қыстау ретінде үлкен бір аймақты алып жатса керек. Бір шеті Сырдария, екінші шеті Торғай езені, Шошқакөл жайлауы арасында кешіп жүрген ел 19 ғасырдың 30-40 жылдарында қазақ елкісінің солтүстік өңіріне қоныстана бастаса керек. Ф. Щербинаның экспедициясының мәліметтері бойынша «первыми поселенцами на землях Аманқарагайской волости были казахи арғынских родов: Ермен, Алимбет и Кырыкмылтык, которые до конца 30-х годов XIX века кочевали между Аманқарагайским бором и рекою Сыр-Дарьей и большинство из них определенных зимовых стоянок не имело, а зимовали то на Сыр-Дарье (Теренкуль ата), то по речке Тургай, например на урочище Шошқакөл, а иногда проводили зиму в Аманқарагайском бору, смотря по состоянию кормов и погоды». (Материалы по

киргизскому землепользованию, собрания и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Тургайская обл. Костанайский уезд. Воронеж. 1903, стр 40).

Аманқарағай мен Ақкөл, Шошқакөл арасы 600-650 шақырымдай жер. Осындай сайын далада кешіп жүрген біздің рудың негіз тұрақты мекен еткен жерлерінің бірі Ақкөл, Торғай уезінің 1-ші ауылы болса, екіншісі Қостанай уезінің Аманқарағай болысының ІІ-ауылы Қояндыағаш болды. Қазіргі уақыттарда да біздің руластарымыз, туыстарымыз осы екі теңіректе де тұрып жатыр.

Ата-бабаларымыздың ең көбірек тұрған мекені Ақкөл маңайы, 1-ші ауыл болса керек. Алматыда университетте оқып жүргенімде елге барғаным бар, сонда Жақып бапам (өкемнің немере інісі) біздің ата қорымызды көрсетіп еді, байқасам ез өкемнен бұрынғы атам да сол Ақкөлде үлкен қорымға жерленген екен.

Сол жылдары көбінің басында үш қырлы, ұзындығы 60-70 см. мөнерлеп жасалған кектастары бар еді. Кейін, жылдар ете сол қорымға барғанымда бұрынғы құлпытастардың кепшілігі таба алмадым. Ол жер құмды, желді мекен еді, көп ескерткіштерді құм басып кеткенге ұқсайды.

Менің өкем екі ағайынды болған — езі және Сәбит. Сәбиттен ұрпақ жоқ, айту бойынша Әлімбет Соқырбай қажының қолында болған, бірақ дүниеден өрте өткен. Ф.Щербинаның қазақ даласына шыққан экспедициясының мәліметтері бойынша Соқырбай Мадембаевтың (біздің ел ол кісіні құрметпен Соқан қажы деп атайтын) ауылы қазіргі Қостанай облысы Әулікөл ауданындағы Қояндыағашты мекен еткен. XIX ғасырдың соңында Соқан ауылы 21 шаңырақтан тұрған, 88 ер адам, 77 әйел болған. Осы ауылдың 406 жылқысы, 264 қара малы, 42 түйесі, 520 қойы, 220 ешкісі болған. Ауылдың 14 үйі 90 десятина жерге егін еккен, негізгі дақылдары тары, бидай, сулы. Бүкіл ауыл болып шөп дайындаған («Материалы по Киргизскому землепользованию, собрания и разработанные статистической партией Тургайско-Уральского переселенческого района. Кустанайский уезд», Оренбург. Типография О.Яковлева, 1912 год).

Бұл мағлұматтарды келтіріп отырған себепім, біріншіден, осыдан бір ғасыр бұрынғы қазақ ауылының дәстүрлі шаруашылығы мен құрамын көрсету болса, екіншіден, осы Қояндыағаш, Аманқарағай бұлар да біздің ата-бабаларымыз қоныстанған жер. Жері сулы, нулы орманды Қояндыағаштың тұрғындарының тұрмысы жақсы болды. Совет үкіметі келіп, конфискулеу ісіне кіркенде осы ауылдың дені бай және кулактар атанды. Сондықтан да бізді бай-кулак («кулак» деген сөзден) Әлімбеттер дейді. Осы жерде ауыл ақсақалы Соқырбай қажының теңірепінде өкем Сағада да, інісі Сәбит те шаруа жасады. Біз бала кезімізде Торғай өңірінде еткізсек, есіп, азамат болған жеріміз осы Қояндыағаш, Аманқарағай, Әулікөл. Жақын ағайындарымыз да осы өңірді бауыр басқан. Әке-шешеміздің көбірі де осы Қояндыағаш бауырында.

1946 жыл ортаншы ағам Нұған Сағадиөвті Торғайдағы ұлттық қауіпсіздік комитетіне жұмысқа ауыстырды. Біз Ақкөлден аудан орталығына көштік. Сейтіп мен екі жылдан Ыбырай Алтынсарин мектебінде де оқыдым. Онда да 3 класты оқымай бірден 4 класқа түстім.

II. ҰШҚАН ҰЯ

— 1950 жылы Әулікөлге кештіңіздер. Оған не жағдай себеп болды?

— Басты себеп жаңағы ұлттық қауіпсіздік комитетінде істейтін ағайымды осы ауданға жіберді. Жаппы ол кезде бұл сапаның адамдарын бір жерде көп тұрақтатпай жиі ауыстырып тұратын. Кейін де талай кешулер болды. Соның салдарынан мен бір жылы бұрынғы Урицкий қазіргі Сарыкөл ауданында орыс мектебінде де оқығаным бар. Дегенмен негізгі білім алған жерім Әулікөл. Бұл мектептен алған білімім ете сапалы болды. Біз жетінші класқа көшкен жылы жоғары оқу орнын бітіріп бір топ жас мұғалім келді. Олар енерлі, білімді, бірінен бірі өткен жастар болды. Біреуі математик, біреуі физик, химик дегендей сан салалы мамандық

иелері еді. Өз арапарында сабақты кім жақсы береді деген бәсеке де болуы керек, біздің миымызға әрқайсысы өз пәндерін шағып құйғандай әсер ететін. Әздері жас, біз соларға барынша еліктеп бақтық. Мысалы, Орал Мұхамеджанов деген менің ұстаз ағам бар. Бізден бес-алты жас қана үлкен болатын. Олардың жүрген-тұрғаны, сөйлеген сөзі бізге тәлім-тәрбие болды. Сол сияқты Асау деген ағамыз болды. Географиядан берді. Қазір шүкіршілік ету керек, балалары жақсы азамат. Сонымен қатар жоғары білікті тәжірибелі ұстаздарымыз да бар еді. Жұмағали Даненов деген ағамыз болды. Мұнда келгенше Меңдіқарадағы педагогикалық училищенің директоры болып істеген, бізге директор болып келді. Бұл кісі қазақ әдебиетін, әсіресе ауыз әдебиетін терең білетін адам еді. Біз осы ағамыздан көп тәлім-тәрбие алдық. Сабағын соншалықты ынта қойып, ұйып тындап отыратынымыз.

Сол ағамыздың балалары да жақсы азамат болып өсті. Нұрлан деген бір ұлы қазір Сыртқы істер министрлігінде орынбасар болып, абыройлы еңбек етіп жүр. Менің шәкіртім біздің халық шаруашылығы институтын бітірген. Айтан Ысқақов деген ұстазым да менің жадымда сақталып қалды. Қостанай өңірінде белді, беделді азамат еді. Жаңағы жоғарыда айтқан жас мұғалімдер біздің мектепке сол Айтекеңнің кезінде келді. Міне осындай жанкешті, арлы, ез мамандығын жандай жақсы көретін ұстаздардың арқасында біз сапалы білім алдық.

Мектепті он үш бала бітіріп, Алматыға бардық, конкурстың қатты болуына қарамастан соның он екісі жоғары оқу орнына түсті. Ол уақытта ешбір ата-ана баласын жетектеп жүрмейді. Емтихан да таза алынады. Мен мектепті күміс медальмен бітіргем, оқуға ешқандай сынақсыз қабылдандым.

III. ҒЫЛЫМНЫҢ ҚИЯ ЖОЛЫНДА

— 1960 жылы уздік дипломмен енеркәсіп экономикасы мамандығы бойынша ұлттық университетті аяқтап шықтыңыз. 1963 жылы Мәскеудің Плеханов атындағы халық шаруашылығы институтының аспирантурасын аяқтап қана қоймай кандидаттық диссертация қорғадыңыз. Сонан соң 20 жыл бойы Алматы халық шаруашылығы институтында еңбек еттіңіз. Бұл кезең сіздің педагог, зерттеуші, ірі ғалым, іскер басқарушы ретіндегі қалыптасу кезеңіңіз болды. Енді сол уақытқа сәл шепніс жасасақ.

— Ол кезде Мәскеудің жоғары оқу орындарына, аспирантураға одақтас республикалар үшін орындар бөлінетін. Сол жылы неге екенін білмеймін орын бөлінбеді. Соған қарамастан ез бетіммен Плеханов атындағы институтқа барып оқығым келетіндігін айттым. Кафедра меңгерушісі қазір бізде бір орынға сегіз адам тұр. Берілген орын біреу-ақ. Олардың сегізі де біздің оқу орнының түлектері. Қалай болғанда да солардың біреуін тандап аламыз. Дегенмен емтихан тапсырып керіңіз. Мүмкін келесі жылдары орын болып қалар, — деді. Тәуекел деп емтихан тапсырдым. Өз бағымдауымша жақсы әсер қалдырған сияқтымын. Институттың ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры мені шақырып алып:

— Қарағым, талабың жақсы екен, Одақтың оқу министрлігіне хат жазып отырмын сізге бір орын сурап, бағыңызды сынап керіңіз, барыңыз, — деді. Хатты алып, құстай ұшып одақты министрлікке тарттым. Хатта не жазды екен деп оқып көрсем талабы зор, білімі жақсы, болашағынан үміт күттіреді деп мені мақтапты. Ол кезде министр Елютин деген кісі еді, жұмыс бабымен біржаққа кетіпті. Орынбасары Краснов деген кісінің қабылдауына келдім. Көмекші сөйлесіп, мән-жайды білген соң хатыңызды қалдырып кетіңіз жауабын өзіміз береміз, деп шығарып салды. Әлдеқалай болады деп көңіл алып ұшып алаңдап жүрмін ғой баяғы. Екі күннен кейін кафедраға шақырып жатыр деген



хабар келді. Жүгіріп келсем кафедра меңгерушісі сіз үшін бір орын бөліңді, құттықтаймын деп қуанып отыр. Сейтіп ойламаған жерден аспирантураға түсіп кеттім.

Мәскеуде болған кезім менің өмірге, ғылымға кезқарасымды өзгерткен, орта тануға үйреткен, ерінбей, жалықпай жұмыс істеуге ықпал еткен кезең болды. Шындығын айтқанда обалы не керек, кеңес үкіметі оқимын, білім аламын деп талпынған жастардың қолына «шырақ» ұстатып, астына «пырақ» мінгізді десе де болады. Плеханов атындағы институттың кітапханасында әлемдік ғылымның інжу-маржаны болды. Мәселе соны тауып, қадәңе жарата білуде болатын. Мәскеуде екі жарым жыл болдым. Уақытымның көбі Ленин атындағы кітапханада етті. Сағат 8-ден барып кезекке тұратынымыз. Сегіз жарым кезінде кіргізе бастайды. Содан таңғы сағат 9-дан көшкі 9-ға дейін соның шінде жүрем. Түскі асты сондағы асханадан ішем. Өзің кеп айналысып жүрген ғылыми салаң бар, ең алдымен соған қатысты әдебиеттерді іздейсің. Одан қалды кітапхананың жертелесінде «құпия бөлім» деген бар. Оған да аңсарың ауады. Шаң басқан архивті діздерлеп отырып ақтарып, талай мәселенің ақиқатына қанықтым.

Бір кезде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болған Жұмабек Шаяхметов туралы кеп айтыла бермейді ғой. Заманында болған, аса беделді хатшы. Бір сурет бар, «Правда» газетінде жарияланған. Ұлттар Кеңесінің мәжілісінен түсірілген болса керек, ең алда Шаяхметов Сталинмен қатар отыр. Бүкіл Саяси Бюро мүшелері бұлардың артында. Ағамыз ол кезде Одақтық Ұлттар Кеңесінің төрағасы. Мен сол суретке үнемі қызыға қарап, кеудемді бір мақтанш сезімі билегендей болатынымын. Осы Жүмекеңе қатысты мынадай да өңгіме бар.

Революционер, кеңес үкіметін орнатушылардың бірі біздің ағамыз Әлкең (Әліби Жанкелдин) бір жылдары жұмыссыз үйде отырып қалыпты. Белгілі ғой бұрын ат үстінде, қызу оқиғалардың ортасында болған кісі ешкімге керексіз болып қалған соң кеңлі пәс тартып, өртүрлі ойға қалады. Тіпі шығады. Шаяхметов — бірінші, Ілияс Омаров — идеология жөніндегі хатшы болса керек. Бір күні Шаяхметов ілекенді кабинетке шақырып алып:

— Ілияс, мынау Жанкелдин аға ата сақалы аузына түскенде енер шығарды. Отырған жерінде партияны, бізді сынайтын керінеді, мынау ұлттық қауіпсіздік комитетінің жігіттері айтып отыр. Соның себебін білші, — дейді. Сонда Ілияс Омаров:

— Жүмеке, оның себебін мен сізге айтып. Әзіңіз білесіз Әліби Жанкелдин революция кесемдерінің бірі болған адам. Еңбеп ұшан-теңіз. Ал қазір қатардан шығып қалып отыр. Сосын бізді сынамағанда қайтеді. Қазір сізді жазықсыз жұмыстан алып тастаса сіз де кеңес үкіметін жамандайсыз. Оны қайтадан қатарға тарту керек, жұмыс беру керек, — депті. Шаяхметов ойласып отырып-отырып оған лайық қандай жұмыстың реті бар десе керек. Сонда ілекен:

— Жоғарғы Совет Президиумы Төрағасының орынбасары деген қызмет бар. Әкетіп бара жатқан жұмысы жоқ. Бірақ, елдің көзінде, бүкіл мәжілістерге қатынасып отырады. Сіз Сталинге сөзіңіз етеді. Бізге тағы бір орынбасар сурап алыңыз, — депті. Сонымен Шаяхметов Сталинге барып, мынау Әліби Жанкелдин деген

ардагеріміз жұмыссыз отырып қалды. Соған ештеңе ренжіді емес. Бізге, Жоғарғы Совет Президиумы Төрағасына тағы бір орынбасар беріңіз депті. Сталин келісіпті. Сейтіп бүкіл Кеңестер Одағындағы басқа республикаларда бір-бірден ғана орынбасар болса бізде екі орынбасар болған көрінеді. Әлекең еле-елгенше осы қызметте отырыпты. Бұл жерде айтпағым не, ол – Шаяхметовтің соншалықты зор беделді адам болғандығы. Ал, ілекеңнің тапқыр, мәмілегерлігі. Осылай жөн таппай оқиғаны ұшықтырып жіберсе Әлекеңнің жағдайы қалай боламын кім білсін. Өкінішке орай, Елбасының теңірепінде жүрген кейбір жігіттерде осындай тапқырлық, мәмілегерлік жетісе бермейді. Біздің кейбір іскер азаматарымыздың шетқақпай қалып жататыны да сондықтан.

– Иә, бұл бір ғибрат аларлық, ел болам, ауызбірлікті нығайтқан деген азаматтардың жадында жүрержай екен. Енді, аға, ғылым жайына қайта оралсақ.

– Мәскеу дегеніңіз ғылым- мектебі, емір-мектебі. Мынау Плеханов атындағы оқу орынындағы ұстаздар экономиканың жылжымайын шағатын, оқулық жазатын білікті адамдар еді. Мен оқыған кезде жабдықтау керек пе, болмаса саудаласу керек пе деген тақырыпта бүкіл одақтық деңгейде пікірталасы болды. Социализмнің талабы бойынша бүкіл шығарылған тауар, шеге мен күрек сабына дейін бөлінеді ғой. Осының қажеті бар ма? Мұны саудаға жіберсек қайтпеді. Әркім өз керегін қажетінше алсын. Сол сияқты қызмет көрсететін такси, шапшаң, дүкен, монша сияқтылардың жұмысын жоспарлап қажеті қанша. Осы сияқты салаларды нарыққа, ашық сауда жүйесіне жіберейік. Социализмді ұстап тұру үшін бізде ірі өндіріс салалары бар, сол жетеді деген пікірлер айтылды. Мен осы пікірталастарға барып, тыңдап кейін езім де осы идеяны қолдап, мақалалар жазып жүрдім. Қолдауым артықтау болып кетті ме, кім білсін Ұлттық қауіпсіздік комитетіне шақырып алып, жігітім басың жас екен, келешеп бар. Сен мынау радикализмді қой дегендей тыйым да жасалды.

Қапай болғанда да Мәскеу маған үлкен емір мектебі болды. Сол жерде кандидаттық диссертация қорғадым. Арада бірталай уақыт өткенде докторлығымды да сонда қорғадым. Сонан кейін езім қорғасан докторлық кеңестің бес жыл бойы мүшесі болдым. Алғашқы шәкірттеріміз осы жерде ғылыми дәрежелерге қолжеткізді.

– Кеңеғали аға, сіз бірыңғай ғылыммен айналысып қана қоймай, партия комитетінің белсенді хатшысы да болыпсыз. Сонан соң қазақ азаматтары арасында тұңғыш рет Кембридж орталығы беретін «Жылдың таңдаулы адамы» атты атақ алдыңыз. Бұл езі қалай, қандай жолмен берілетін атақ екен?

– Ол рас. 1966 жылы халық шаруашылығы институтында деканның орынбасары болып жүргенде хатшылыққа сайланғаным бар. Және бұл Орталық Комитеттің қаулысына сәйкес дербес хатшылық болды. Кейін бірінші проректорлыққа жоғарыландым. Сол кезде институтта жаңа құрылыс кешені басталып жатыр еді. Ректорымыз А.И.Белов деген қартаңдау ақылды кісі еді. Басқа міндеттермен қатар сен жассың ғой, құрылысшылармен айналысуға менің денсаулығым кетермейді. Мынау салынып жатқан құрылысқа бас-кез бол деп оны да маған жүктеп қойды. Құрылысшылардың планеркасы дегеніміз нағыз майдан шебі, айтыс-тартыс, айғай-шу. Соның ортасында жүруге тура келді. Сейтіп заман талабына сай сәнді, әдемі оқу корпустарын салуға осы Александр Иванович екеуіміздің еңбегіміз сіңді. Бір қызығы оны біз бір емес, екі рет салдық. Кешенді бітіріп енді кіреміз деп отырғанда Орталық Комитет пен Министрлер Кеңесінің Орталық Азиялық өскери округті Алматыға көшіру және біздің салған кешенімізді соларға беру туралы қаулысы шықты. Амап қанша отырдық та қалдық. Баяғы баратын жеріміз Димекең, (Қонаев) ол кісі бізді қайдан қабылдасын. Кемекшілері мен салалық хатшы арқылы мәселе шешіліп, бізге жер берілді, мол ақша белінді. Сөйтіп кешенді қайтадан салып шықтық, шүкір, сол үйлер елі күнге дейін тұр. Ол жылдар бір өте нәтижелі жылдар болды. Мынау халық шаруашылығы институтының ол кезде маңызы өте зор еді. Өйткені экономика сол шақта серпінді дамып, Кеңестер Одағы дүркіреп тұрды. Соданда болар біздің кадрларымызға деген сұраныс өте жоғары болды. Оның үстіне ғалымдар, біздер жаңа әдістемелерді зерттеп, жүйелеп, өндіріске қосып отырдық. Ол сол жаңашыл топты басқардым. Біздің оқу орынының базасында Бүклодақтық Кеңестер етті, тәжірибе алмасылды. Оған министрліктердің басшылары қатынасты. Ұсынысымызды, тәжірибемізді мақұлдады. Осының бәрі адамды қанаттандырады, жігерін жанды, жаңа асуларға қол созуға итермелейді. Басшылық жұмыста да езімді көрсете білдім, ғылыммен де түбегейлі айналыстым. Қазір ойлап отырсам 14 ғылым докторын, 39 ғылым кандидатын тәрбиелептің. 240-тан астам жұмыс жазыппын. Оның 32-сі монографиялық кітап, кітапша болып басылып шықты. Обалы нешік шәкірттеріміз қай жерде де бар. Кездескенде қоғай жапырылып, сәлем беріп жатады. Мынау Керім Мәсімов, анау Қуаныш Сұлтанов, Бердібек Сапарбаев, Даниял Ахметов, Болат Жәмішев, Марат Тажин, тағы басқалар менің

оқушыларым. Біздің сол халық шаруашылығы институтының түлектері. Бұлардың бәрі қазіргі тәуелсіз қазақ елінің экономикасын реформалап, соны түзу жолға салушылар. Осыны ойлағанда еңбегім зая кетпеген екен деп еткен емір жолыма шүкіршілік қылам.

Ал енді «Жыл адамы» атағына келер болсақ, шынын айтқанда ез басым онша мән беріп, жайын білген нәрсе емес еді. Бұл 1992 жылы болған жағдай ғой. Кембриджде халықаралық емірбаян орталығы дейтін аса абыройлы мекеме бар. Сол жыл сайын әлем ғалымдары арасында ғылым мен мәдениет қайраткерлеріне сіңірген еңбегіне сай ез сараптауларының нәтижесімен осы атақты береді. Берелн ресми қағазында жүрекке жылы тиер жағымды сөздер жазып, ғылыми ізденістеріңіз, қоғамға қосқан үлесіңіз үшін дегендей сөздер жазылады. Басқасын айтпағанда «Жыл адамы» деген атағының езі неге тұрады.

– Кеңеғали Әбенұлы, сіздің өмір жолыңызда ерекше бір із қалдырған кезең 1982-1990 жылдары Целиноград ауыл шаруашылығы институтының ректоры болған жылдарыңыз еді. Сіз басқарған жылдары оқу орыны тың өлкесіндегі кадрлар даярлау шеберханасына айналды. Кеңес Одағындағы алты биотехнологиялық орталықтың бірі осы институтта құрылды. Сіздің басшылығыңызбен жаңа биопрепараттар мен донді-дақылдардың сорттары өмірге келді. Соның біріне сіздің есіміңіз берілді. Енді осыған бір тоқталып өтсек.

– 1982 жылы екі жерге баруға ұсыныс болды. Оның алғашқысы Жамбыл қаласы. Онда жеңіл технологиялық әнеркәсіп институт бар, соның басшысы болу. Одан бас тарттым. Себебі мен технолог емеспін, экономистпін ғой. Екіншісі – Қарағанды сауда институты еді. Бардым, көрдім, бірақ сауда-саттық деген менің кеңіліме қона бермейтін, одан да бас тартуға тура келді. Үшінші рет Орталық Комитетке шақырып алып Целиноград ауыл шаруашылық институтына барасын, бармасақ номенклатурадан шығарып тастаймыз деп өңгімені тетесінен қойды. «Басқа түссе – баспақшысың» демекші әсем Алматыны тастап Целиноградқа келуге тура келді. Ол кезде ректорларды Мәскеу бекітеді. Онда да Орталық Комитеттің тиісті секторынан етесің, солар «иә, бәсе» дегеннен кейін барып Оқу министрлігінің коллегиясына түсесің. Бұйрықты солар береді. Коллегияға кірсем 40-50 адам отыр екен. Мүізі қарағайдай ғалымдар, сапаның белді шинов-Елютин деген министрміз қасқайып терде отыр. Ертіл әкелген адам мені таныстырып жатыр ғой, баяғы. Министр қарап отырмай маған институттағы сыйларын қанша сұт береді, – деп сұрақ қойды. Мен білмеймін, – дедім. Ол неге білмейсің, сен учхоздан келген жоқсың ба, – деді. Жоқ мен ауыл шаруашылығы емес, халық шаруашылығы институтынан келдім, мамандығым әнеркәсіп экономисі, – дедім. Коллегияда отырғандар «бұл қапай» дегендей біріне-бірі қарады. Онда сен шыға тұр, біз ақылдасайық, – деді. Мен шығып кеттім. Бір шамадан кейін шақырып алып; ал біз сізді тағайындадық, еңбегіңіз жемісті болсын, – деп сәт сапар тіледі. Артынан естимін ғой, мені бекіту, бекітпеу жөнінде әжептәуір пікір таласы болыпты. Шапошникова деген министрің орынбасары болған. Келісті кісі еді, алдында сол кісінің қабылдауында болып сөйлескем. Сол сүйреп алып шығыпты, білімді, тәжірибесі жетеді, деп отырғандардың кезін жеткізді.

Целиноградта істеген кездегі атқарған үш мәселеге кеңіліп толады. Біріншісі – кептеген жастарды, әсіресе езіміздің қазақ жастарын тәрбиеледім. Оларды оқыттым, қызметте әсірдім, ғылым жолына түсуіне ықпал еттім. Мәскеуге, шет елге оқуға жібердім. Бұрынғы ректор да, қазіргі ректор да менің шәкіртім. Бұрын ондай жағдай бұл жерде болмаған. Целиноград тыңның эпицентрі ғой, берін орыс ұлты билеп кеткен, қазақтар екінші сортқа қалып қойыпты.

Қазақтарды кетерді деп менің үстімнен талай арыз да жазылды. Оның алды Мәскеудің Орталық Комитетіне дейін жетп. Мені ұлтшыл ғып көрсетуге тырысты. Студенттердің 60-70 пайызы қазақ жастары, басшылықтың бәрі қазақ деп пәле жапты. Бір күні сау етіп 6-7 адам Мәскеуден комиссия келетін болды. Мен жігіттерді шақырып алып езімізбен белдеулес Екатеринбург, Тройцк, Омбы, Челябин, Қорған, Орынбор оқу орындарындағы оқитын қазақстандық және қазақ студенттерінің тізімін, пайыздық қатынасын алып келуге жедел аттандырдым. Олар деректі алып келді. Қарап керсек тың өлкесі бойынша 876 бала оқуға түскен, соның 1,7 пайызы ғана қазақ. Комиссия келді, мен енді олардың езіне бас сапдым. Біз атқораның ішінде маман даярлап отырмыз. Оқу орнымыздың түрі мынау. Ал, Ресей оқу орындары жайнап тұр. Бүкіл орыс баласы сонда кеткен, оларды қалжыңдырап берме? Ал мұнда тек қазақ баласы келген. Маған енді не істе дейсіздер? Кім кімге ектелеуге тиіс. Мен сіздерге ектелеп отырмын, саясаттарыңыз дұрыс емес, ұлттық кадрларды даярлауға мән бермейсіздер. Мен мұны Саяси Бюроның мүшесі Қонаев жолдасқа баяндаймын, деп бүкіл ақпаратты жазып салғанымда комиссия мүшелерінің екі кезі тас төбесіне шықты. Сейтіп бұл жаладан да құтылдым.

Екінші мәселе оқу орынының материалдық-

техникалық базасын жолға қойдым, жаңа ғимараттар салдырдым. Мен оқу орынын қабылдап алғанда бір дені сау аудитория болған жоқ. Тазақтың жоқтығы, антисанитария жағдайы ез алдына. Не істеу керек, бірінші кезекте ішкі тәртіпті қолға алдым. Ол кезде оқу ғимаратын салу Мәскеу арқылы шешіледі.

Ондаған етініс хат жазудың сыртында бірнеше рет оқу министрлігіне кіріп ақша-қаражат сұрадым. Олар сезбұйдаға сала береді. Амал жоқ, Қонаев жолдасқа баруға тура келді. Жарықтық алды кең кісі еді ғой. Құшақтап қарсы алып, сені арқаға жібердік қой, отыр, жағдайыңды айт, – деп бірден жылы ілтипат білдірді. Шағын бір қағазға айтатын ұсыныстарымды тізбелеп алғам. Оның сыртында біз деңгейлес ауыл шаруашылығы институттарының Украинада, Өзбекстанда, Қазақстанда жағдайы қалай дегендей нақты деректердің сараптамасын жасап алғам-ды. Соны жайып салдым. Димекең:

– Ойбай, біз жұрттың соңында қалып қойыпмыз ғой, бұл дұрыс емес, – деп бірден ішкі телефонмен Орталық Комитеттің ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығына тапсырма берді. «Менің атыман министрге хат дайында. Және қазір ректор барады, соның бүкіл мәселесін шешесің», – деп мәселені түйіп тастады.

Белім бастығы ал, айт не керек, деді. Мен ойымдағының бәрін тізбелеп айтып шығып, дұрыс оқу корпусы, емхана, ветеринарлық емхана, лаборатория, тәжірибелік кабинеттер, клиника, тағысын тағылар керек деймін ғой баяғы. Ол мені тындап алды да шығып кетті. Мен күпп отырмын. Бір кезде қайтып келді де, неғып отырсың? – деді. Мен жаңағының көшімесін алып кетейін, менің жалаң сезіме кім сенеді, – дедім. Ой, сөн қызықсың, мен қағазыңызға қол қойғызып бердім, бір сағаттың ішінде Министрдің алдында жатады, алаң болма, облысыңа қайта бер, деді.

Келіп үлгіреміз жоқ, мындағылар у-шу, сені Одақтық Министр Месяц шақырып жатыр, – дейді. Өзімің салалық басшыларыма жолықсам оларда да маза жоқ. Сосын сендер кеңімендер, бұл мәселені сендерге сан мәртебе айттым, құлақ аспадыңдар. Ал енді мен мұнда ректордың столында отырып, шалбарымды тоздыруға келген жоқпын ғой. Оқу орынын еркендетем, істі жолға қоям деп келдім, – дедім. Сонымен не керек Месяц мені қабылдап, жақсылап тыңдады. Бүкіл мәселені шешуге кеме берді. Институттың мынау қазіргі әсем ғимараттары осындай еңбектің арқасында салынды. Обалы не керек, облыс басшылары да, басқалар да менің бұл еңбегімді бағапады. Мені ерқашан жергілікті партия-кеңес басқару органдарына мүшелікке сайлап, қолдау көрсетті.

Енді үшінші риза болатын мәселем, жаңа өзің сұрағыңда айттып еткендей Кеңестер Одағындағы алты биотехнологиялық орталықтың бірі осы оқу орынының базасында құрылуы. Ол КОКП Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесінің қаулысы бойынша құрылды. Ол кезде Алматыда Лениндік сыйлықтың лауреаты, академик Айтхожин Ғылым академиясының президенті болып отырған. Биотехнологиялық орталықты ол да сұрады. Әйтеуір сәті түсіп, ол бізге бұйырды. Орталық жақсы жұмыс істеді, өзім оның жұмысына тікелей басшылық еттім. Ірі қара малдың аусылың емдейтін препараттар, бидайдың жаңа сорттары өмірге келді. Менің атыммен аталатын «Кеңеғали» деген бидай сорты мынау теріскей аймақтарда өлі де себіледі. 1990 жылы мен Ғылым академиясына ғылыми хатшы болып кеттім де бұл жұмыс қожырап қалды. Дегенмен мемлекет бұл биотехнологиялық саланы қазір қайтадан қолға алып жатыр. Үлкен орталық салды, кадрларды іріктеп жатыр. Бүкіл дүние жүзі биотехнологияны ғылымның бірінші бағыты деп есептейді. Оны дұрыс пайдаланған жағдайда бидайдың түсімділігін 40-50 центнерге дейін арттыруға болады. Қазір солай жасап отырған шетелдер бар. Екіншіден, малдың ауруына қарсы қолданылатын емнің бәрі осы биотехнологияда. Оның адам ағзасын емдейтін дәрі-дәрмек жасауға да қосар үлесі зор. Бүгінде генетиктер мен биологтардың ғылымға қосып отырған үлесі содан да айтарлықтай болып отыр.

IV. САЯСАТ САХНАСЫНДА

– Кеңеғали аға, сіз тәуелсіз Қазақстанның іргесі берік, шын мәніндегі дербес ел болуына жан-тәніннен қызмет етіп келе жатқан адамдардың бірісіз. Оған дәлел: Елбасының атына шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттік құру туралы, ұлттық валюта енгізу туралы, оны тұрақтандыру жайлы, экономиканы қайта реформалау қақында жазған ұсыныстарыңыз бен хаттарыңыз. Біздің көзқарасты оқырмандарымыз осы жайлы нақты білгісі келеді.

– Бұл аса күрделі мәселе. Оны бір интервьюдің шеңберінде айтып жеткізу мүмкін емес. Қазақстан экономикасын реформалаудың жолдары жайлы мен сонау 1991 жылдан бері өзімнің ой-толғамдарымды, кезқарасымды ақпарат құралдары арқылы да, тікелей Елбасының езі мен Үкімет басшысына, басқа салалық министрлерге де ашық түрде айтып ке-

лемін. Оның қайсыбірі ілтипатқа алынды, ал қайсыбірі алынған жоқ. Дегенмен менің ұсынысым бойынша экономика салаларының бюджет жобалары белек қаралатын болды. Неге олай дейтін болсақ мақсат – өкімдіктерге белінетін қаржы-қаражат ресурстарының нақтылы дәлме-дәл зерттеуге мүмкіндік алу. Осындай тағы бір маңызды тәжірибе 4-ші шақырылған Парламент Мәжілісінің жұмыс әдісіне де енгізілді. Экономикада нәтижеге бағытталған бюджетті жоспарлау деген ұғым бар. Кезінде мен мұны да айттым. Қазақстан Үкіметі бұған кеңіл аударды, сейтіп қазір бюджет қаражатының жоғары нәтижеліпін қамтамасыз ететін БОР жүйесіне кешуді жоспарлап отыр.

Мен бұрын шетелдік компанияларға берілген Қазақстанның мұнай және басқа да кен орындарын мемлекет меншігіне қайтарудың белсенді жақтаушысымын. Қазір мұның жағымды нәтижелерін керіп те отырмыз. «Кен орындарын пайдалану туралы» заңға өзгеріс енгізудің нәтижесінде еліміз аумағындағы шетелдік компаниялар акциясын сатқан жағдайда, республика оларды сатып алуға басым құқыққа ие болды. Біздің ата-бабаларымыз баяғыда-ақ «кісідің кітті аспанда» деп ете тауып айтқан. Өндірістің кез келген маңызды саласының тұтқасы үкімет қолында болуы керек. Мынау индустриялық-инновациялық даму стратегиясын игеру, өндіріске кластерлік жүйені енгізу мәселелерін де негізінде мен айтқам. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, тек экономиканың барлық салалары, әсіресе өңдеуші сала, жан-жақты дамымай тұрақтылық болмайды. Осы сыңар жақтықтан арғылу үшін индустриялық-инновациялық стратегия негізінде елде кептеген даму институттары жұмыс істеуі керек. Сонда біз жаңа кәсіпорындар салып, өндірісті ұйымдастырудың кластерлік (ұялық) үлгісіне кешеміз. Қазіргі таңда дамыған елдерде жаңа технология, жаңа білім негізінде ұлттық ішкі еніміңіз 75-80 пайызы жасалынады. АҚШ-та, Жапонияда, Германияда, Канадада, Швеция мен Финляндияда осы сипаттағы жаңа экономика дамып келеді.

Енді бір мәселе мынау салық жүйесі. Салық дегеннің езі мемлекет қоржынын толтыратын табыстың бір кезі. Ол барынша байыпты, әрі әділ болуы керек. Мен экономиканың белгілі бір секторына салық мөлшерін жеңілдетуді, әсіресе өңдеу кәсіпорындарына кеңіл бөлуді, жылжымайтын мүлік пен басқа мүлікке кебейтуді, ал керісінше еңбек ақы қорына яғни бірлескен кіріс салығын азайтуды жақтап Елбасына хат жазғам. Бүгінде олар біртіндеп жүзеге асып жатыр.

Сол сияқты жаңа жоғарыда езің сұрағыңда өңгіме қылған ұлттық ақшаға келейік. Бұл тәуелсіздіктің бірден бір нұсқасы. Обалы не керек, кезінде Елбасы біздің бұл ұсынысымызды жедел қолдап, ез төңемізді дүниеге әкелді. Бұл үлкен ерлік болды. Керші елдер алдындағы экономикалық тәуелсіздігімізді біз осы тел төнгеміз арқылы қорғай алдық десек қателеспейміз.

Терешенко үкімет басқарып отырған кезде мен 14 пунктпен Қазақстандағы реформаның тактикасы мен стратегиясы қандай болуы керектігі жайлы жазып бергем.

Соның бір пункті жекешелендіруге қатысты еді. Мен жекешелендіруді бір адамның, бір шивновиктің қолына беруге болмайды. Ол өте нәзік мәселе, халық байлығы талан-таражға түсіп кетуі мүмкін, сондықтан ұжымдық құрылым жасайық, дедім.

Екіншіше орай, олар басқа жолмен кетті. Қолында биліп барлар халық мүлкін арзан бағаға сатып алып, табан астында байып шыға келді. Осының салдарынан бай мен кедейдің байлығы қолындағы топпен байлықсыз топтың арасы аспан мен жердей болып, халықтың наразылығын туғызды.

– Кеңеғали Әбенұлы, қазір дамыған елу елдің қатарына қосыламыз деп межелеп жатырмыз. Сіз қалай ойлайсыз, осы мүмкін мәселе ме?

– Бұл алға қойылған асқақ мақсат – өлем даму үстінде, соның кешіне ілесе білу үшін де өзіңді-өзің қамшылап алдына күрделі міндет қою керек. Бұл біз сияқты жас мемлекет үшін аса қиын, бірақ орындауға болатын міндет. Ол үшін барлық жағынан бәсекеге қабілетті болуымыз керек. Бәсекеге қабілеттілік тек қана адам басына шаққан ішкі жалпы енім келеміне, немесе еңбек өнімділігімен (олар әрине өте маңызды көрсеткіштер) елшенбейді. Алға қойған мақсатқа жету үшін жалпы ұлт болып, мемлекеттік басқару жүйесі болып және елде қалыптасқан кәсіпкерлік қоғам, кәсіпкерлік орта болып аталмаш сынаққа төтеп беретіндей болуы шарт.

Адами даму индексі жөнінен Қазақстан қазір 80-ші орында. Еңбек өнімділігі дамыған елдермен салыстырғанда 5-6 есе төмен. Елбасымыз осыны ескере отырып, адамның өмірі мен санасына байланысты салаларға, әсіресе білім - ғылым, денсаулық сақтау салаларына аса мол қаржы бөлуді қолдап отыр. Тап осындай тесілді қолданған Финляндия, Норвегия, Швеция сияқты елдер 20-25 жылдың келемінде бәсекеге қабілетті елдердің қатарына көтерілді. Ал төкмәйлісіген Германия, Италия, Франция сияқты азулы мемлекеттер артта қалып қойды. Сондықтан сапаны дамыту бірінші басымдылығымыз деп алға ұмтылсақ біз де көп ұзамай кездеген мақсатымызға жетеміз.

Қостанай – Астана – Қостанай.